Қазақстан Республикасының
Қорғаныс Министрлігі

«47007 ӘСКЕРИ БӨЛІМ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

БҰЙРЫҚТАН КӨШІРМЕ

Министерство обороны
Республики Казахстан

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ВОЙСКОВАЯ ЧАСТЬ
47007»

ВЫПИСКА ИЗ ПРИКАЗА

№ 7

2026 жылғы « 13 » қаңтар
Жаңғызтөбе кенті

« 13 » января 2026 года
поселок Жангизтобе

2026 жылға мемлекеттік сатып алу жылдық жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңының және Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуларды жүргізу ережесінің негізінде және бөлімде мемлекеттік сатып алуларды сапалы ұйымдастыру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қаржы – шаруашылық қызметін 2026 жылға қамтамасыз ету үшін мемлекеттік сатып алу бойынша келесі құрамында комиссия тағайындалсын:

1) комиссия төрағасы - майор Б.Б.Қадылов, бөлім командирінің орынбасары (тәрбие және идеологиялық жұмыстары жөніндегі);

2) комиссия мүшелері: әскерлер қызметі бойынша аға офицері майор Р.М. Сахратов, батальон командирінің орынбасары – штаб бастығы капитан А.А. Тулеев, штаб персоналымен жұмыс бөлімшесінің бастығы лейтенант Д.Е. Әрінханов, материалдық-техникалық қамтамасыз ету бөлімінің (ресурстарды есепке алудың автоматтандырылған жүйесі жөніндегі) сержанты Н.Қ. Шәріпханова.

3) комиссия хатшысы - инженерлік оқ-дәрілер сақтау бөлімінің бөлімше бастығы (қойма бастығы) кіші сержант А.Б.Калыкенова.

2. Комиссия мүшелері, хатшысы, мемлекеттік сатып алулар жоспарын орналастыруға және мемлекеттік сатып алулар веб-порталында мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыруға жауапты тұлға өз қызметтерінде Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңының және Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуларды жүргізу ережесінің талаптарын қатаң басшылыққа алсын.

3. Мемлекеттік сатып алу жоспарын ұйымдастырып, порталға өткізілуін орындауға жауапты тұлға бөлім командирінің (қаржы жұмыстары жөніндегі) көмекшісі - қызмет бастығы капитан М.И. Хаиров тағайындалсын.

4. Бұйрықтың орындалуын бақылау бөлім командирінің орынбасары - штаб бастығына жүктелсін.

5. Бұйрық барлық жеке құрамға, оларға қатысты бөлігіне жеткізілсін.

47007 әскери бөлімінің командирі

подполковник **А. Угышов**

Көшірме дұрыс: персоналмен жұмыс бөлімшесінің бастығы

лейтенант Д. Әрінханов